

Балқаш қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 16/130 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 қаңтарда № 4547 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 19/143 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 21.12.2022 № 19/143 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 09 қаңтардағы Экологиялық кодексіне сәйкес, қалалық мәслихат ШЕШТІ:

1. Балқаш қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Л. Власова

К. Тейлянов

Қалалық мәслихаттың

2017 жылғы 21 желтоқсандағы

№16/130 шешіміне қосымша

Балқаш қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 25.12.2019 № 35/284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылына 1 есептік бірлікке коммуналдық қалдықтарың жинақталу нормасы, м ³
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,46
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,54
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,72

3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,04
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,53
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,95
6	Емханалар	1 келіп кету	0,023
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек -орын	1,69
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,34
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,99
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,17
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1м ²	0,010
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,005
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1м ²	0,09
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1м ²	0,66
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²	0,23
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1м ²	0,64
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1м ²	0,33
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1м ²	0,42
19	Вокзалдар, автовокзалдар , әуежайлар	жалпы алаңы 1м ²	0,13
20	Жағажайлар	жалпы алаңы 1м ²	0,04
21	Дәріханалар	сауда алаңы 1м ²	0,41
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай		1,66

	құю станциялары, гараждар	1 машина-орын	
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,00
24	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,45
25	Шаштағаздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,45
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1м ²	0,40
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1м ²	0,98
28	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,95
29	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1м ²	0,65
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,03
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,96

Ескертпе:

м³ – текше метр

м² – шаршы метр